

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 36/15 "2019-2021 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Якорь ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 14 қазандағы № 45/11 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 қазанда № 5619 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2019-2021 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Якорь ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 36/15 шешіміне (2019 жылғы 22 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1 - тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Якорь ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 25 489,2 мың теңге:

салықтық түсімдер – 12 352,4 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 13 136,8 мың теңге;

2) шығындар – 28 443,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 2 954,4 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2 954,4 мың теңге:

қарыздар түсімі - 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 2 954,4 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар аудандық
мәслихаты сессиясының
төрайымы

М. Данилова

Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар аудандық
мәслихатының хатшысы

А. Молдахметова

2019 жылғы 14 қазандағы № 45/11 Солтүстік
Қазақстан облысы Қызылжар аудандық
мәслихатының шешіміне қосымша
2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 36/15
Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар
аудандық мәслихатының шешіміне 1 қосымша

2019 жылға арналған Қызылжар ауданының Якорь ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Атауы	Сомасы , мың теңге
Сыныбы				
	Кіші сыныбы			
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	2 5489,2
1			Салықтық түсімдер	1 2352,4
	01		Табыс салығы	4 974,6
		2	Жеке табыс салығы	4 974,6
	04		Меншікке салынатын салықтар	7 377,8
		1	Мүлікке салынатын салықтар	172
		3	Жер салығы	2 249
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	4 956,8
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	1 3136,8
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1 3136,8

		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	1 3 136,8
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы , мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	2 8 443,6
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 2 453,8
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 2 453,8
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі	1 2 453,8
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3 086
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 086
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 721
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 365
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	9 403,8
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9 403,8
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	9 403,8
12			Көлік және коммуникация	2 000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 000
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2 000
13			Басқалар	1 500
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 500
		040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	1 500
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
Санаты			Атауы	Сомасы , мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-2 954,4
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	2 954,4

7			Қарыздар түсімі	0
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы , мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
16			Қарыздарды өтеу	0
Санаты			Атауы	Сомасы , мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	2 954,4
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	2 954,4
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2 954,4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК